

ЕЛДІК ПЕН БІРЛІКТІ ТУ ЕТКЕН БИЛІК БУЫНЫ

Құрметті оқырман! Биылғы жылы елімізде Қазақстан мәслихаттарының 20 жылдық мерейтойы кеңінен аталып өтілуде. Алдымыздағы 26 қазан күні біздің ауданымызда да аудандық мәслихаттың 20 жылдығы салтанатты түрде аталып өткелі тұр.

Мәслихаттар - биліктің халықтық түрі деп есептеледі. Депутаттарды - халық сайлайды. Ал депутаттар халықтың бірлігі мен ынтымағына қызмет жасайды. Осы 20 жылда ауданымызды өркендетуге мәслихат аппараты және оның депутаттары елеулі үлес қосып келеді. Ол үлесті күнделікті өмірімізден көруге болады. Сондықтан да, 20 жылдық мерекеге орай, аудандық мәслихаттың хатшысы Ә.Қ.Саматовтың мерейтойлық мақаласын Сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Әділ САМАТОВ,

Аманкелді аудандық мәслихатының хатшысы



мұрағаттық құжаттарда оған айғақ бола алады. Бұл жетістіктердің бәріне де өткен 5 шақырылымдағы аудандық мәслихат депутаттарының, мәслихат аппаратының да жемісті үлестері бар.

Осы шақырылымның депутаттары 38 сессия өткізіп, 262 шешімдер қабылдады. Депутаттар күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша тиісті орындарға барып, өз көздерімен көріп, пікірлесіп тиісті шешімдерін шығарды.

Аудандық мәслихатта кәзіргі таңда 2 тұрақты комиссия жұмыс жасайды. Олар: бюджет, экономика, заңдылық пен құқықтық тәртіп мәселелері, төрағасы депутат Есмағамбетов Рашит Серікбайұлы және білім, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет, халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрайымы депутат Есенова Мәнсия. Тұрақты комиссия төрағалары өз жоспарлары бойынша 24 отырыс өткізіп, қаулыларын қабылдап, тиісті орындарға жолдап, өз шешімін табуына жұмыс істеп келеді. Әрі осы қаулылардың, шешімдердің орындалуы жөнінде талап етіледі. Мәслихат депутаттары жылына екі рет өз сайлау округтерінде сайлаушылармен кездесу өткізіп, кездесу қортындылары жөнінде мәслихат аппаратына есеп тапсырып отырады. Кейбір мәселелер бойынша аудан әкіміне немесе басқада тиісті орындарға депутаттық сауал жолдайды.

Депутаттың сауал қортындысы ауыл әкімдері арқылы сайлаушыларға жеткізіледі, сонымен қатар аудандық мәслихаттың сессиясының шешімімен, аудан әкімінің ұсынуымен ауданның экономикалық-әлеуметтік дамуына еңбектері сіңген 12 адамға «Аманкелді ауданының Құрметті Азаматы» атағы берілді. Депутаттар жастар мәселесінде назардан тыс қалдырмауда. 2013 жылдың 20 наурызында Аманкелді ауданының жастар мәслихатын құрып 19 депутат сайланды, ол депутаттарда бүгін біздің арамызда салтанатты жиынға қатысып отыр.

Бүгінде «Мәңгілік ел» болуға ұмтылған Қазақстан Елбасының басшылығымен 2030 жылдарға дейін межелеген істеріне күні бұрын қол жеткізіп, енді 2050 жылда жетер асуларды белгілеп отыр.

«Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Елбасының халыққа жолдауын жүзеге асыруға өз сайлаушыларын жұмылдыра отырып, мәслихат депутаттары өздерінің 20 жылдық төл мерекелерінде елмен бірге жаңа табыстарға жетіп, өз сайлаушыларының сенімін ақтап, халыққа қызмет жасай беретін болады!

Мереке құтты болсын, салтанатты рәсімге жиналған барша қауым!

**Құрметті салтанатты жиынға қатынасұшылар!
Құрметті депутаттар!**

Сіздерді Қазақстан мәслихаттарының 20 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Елімізде мәслихат институтының енгізілгеніне биыл 20 жыл толып отыр. Бұл әрине, тарих үшін көп болмасада, халық игілігі үшін қанша ма істер тындырылған жылдар.

Біздің Тәуелсіз Еліміздің алғашқы мәслихат сайлауы 1994 жылы 7 наурызда өткізілген болатын. Бұл сайлаудың басты ерекшелігі, демократияның шынайы көрінісі - депутаттыққа түрлі партиялар, қоғамдық құрылымдармен бірге, жеке адамдардың өзін-өзі ұсынуы бойынша өткізілгені болды. Аудан бойынша бірінші шақырылған 1994-1999 жылдар аралығында 22 депутат, одан Амантоғай ауданынан қосылған 15 депутат қызмет істеді.

Екінші шақырылымда 1999-2004 жылдары 16 депутат сайланса, үшінші шақырылымда 2004-2007 жылдары-14 депутат, ал төртінші шақырылған 2007-2012 жылдары-13 депутат сайланды. Кәзіргі бесінші шақырылымдағы - 12 депутат өз өкілеттігі шеңберінде лайықты қызмет жасап келеді.

Кезінде дауысқа түсіп, үлкен жауапкершілікті мойына артқан, бүгінгі күні арамызда жоқ әріптестерімізді ешқашан да ұмыт қалдыруға болмайды. Олар: У.Хайруллин, Ә.Құрақбай, С.Төлеген, А.Ахметов, Б.Әлин, С.Ткачук, М.Жамалова апаларымыз.

Мәслихат алғаш құрылғаннан, оның өкілетті орган болып қалыптасуына өз үлестерін қосқан, кейін зейнеткерлік демалысқа шыққан әріптестерімізді де атап өткенді лайық деп санаймын.

Осындай тәжірибелі халық қалаушылары Оташев Жұмағали 1-2-3-4 шақырылымдарының депутаты болып, мәслихат хатшысы ретінде қызмет жасаса, Қожахметов Жұмағали 2-3-4 шақырылымдарының депутаты, тексеру комиссиясының төрағасы болып сайланып жемісті қызмет жасады.

Өкілеттіктері басталғаннан бері депутаттар мемлекеттік бағдарламалардың және аудан бюджетінің орындалуы жөнінде мәселе қарап, тиісті шешімдер қабылдады.

Алғашқы кезде Амантоғай мен Амангелді аудандарының бюджеттерін қосқанның өзінде 1996-1997 жылдары аудан бюджеті 76 млн.тенге болған, қазіргі таңда 1млрд 864 млн 543 мың теңгені құрайды.

Аудандық мәслихат депутаттарының өкілетті мерзімдегі басты атқаратын міндеттері сайлаушы сауалдарының, ауыл тұрғындары көтерген мәселелерге көңіл бөліп, оның он шешімін табуға атқарушы билік арқылы орындалуын қамтамасыз ету.

Мәслихат өз қызметінде бірінші кезекте заңнамаларды басшылыққа алады. Заң мәслихаттарға жергілікті бюджеттерді, аймақтық жоспарларды және әлеуметтік, экономикалық даму бағдарламаларын бекіту, сондай-ақ әкімдерді бекітуге келісім беру құқығын берген және әлеуметтік саладағы хал-ақудың маңызды мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін қуатты қару.

Бүгінгі таңда аудандық мәслихат депутаттары Елбасының Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы аясында аудан халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға арналған жергілікті биліктің барлық игі бастамаларын қолдап, бірлесе отырып, ел-халық алдындағы борышын атқаруға іс шаралар жасап келді.

Депутаттар жылына кемінде бір рет халық алдында мәслихаттың атқарған жұмыстары жөнінде, тұрақты комиссиялардың қызметі туралы есеп береді.

Әкімдердің мәслихаттар алдындағы есеп беруін өткізу туралы.КР Президентінің 2005 жылғы 18 қаңтардағы №19 Жарлығына сәйкес әкімдердің есепті мерзімде атқарған жұмыстарының есебі мәслихат сессияларында тыңдалуда. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы

Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы №438 Жарлығымен бекітілді, онда мәслихат депутаттары арқылы ауылдық округ әкімдерін сайлау енгізіліп мәслихат ролі арттырылды. Бұл елдегі мемлекеттік басқарудың ең онтайлы айқын және тиімді моделін қалыптастыру және жергілікті жерлердегі өзін-өзі басқару және жергілікті жерлердегі өзін-өзі басқарудың мүмкіндігін арттыру, еліміздегі демократиялық үрдістердің жаңа сатыға көтерілгендігін анықтайды.

Бүгінгі күні басты мақсаттарымыз, ортақ ұстанымдарымыз аудан тұрғындарының хал-ақуалын жақсартып, тұрмыс-тіршіліктерінің жақсаруына өз үлестерімізді қосу. Мәслихаттың басты құзыреті осы бағаттағы депутаттардың өкілетті жұмыстарын ұйымдастыру. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына ауданның жеткен жетістігі, елдің әлеуметтік өсуі халықтың көз алдында, жылнамалық

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ АППАРАТЫНЫҢ ҰЖЫМЫ

Аудандық мәслихаттың аппараты халық пен депутаттардың тығыз бірлікте жұмыс жасауына әркез лайықты жағдай жасап келеді. Аппаратта іс-тәжірибелері мол кадрлар қызмет жасайды.



Суретте: (солдан оңға қарай) мәслихат ұжымы Е.Молдахметов - ұйымдастыру бөлімінің басшысы, Н.Искакова - бас маман, Ғ.Әлишорин - аппарат басшысы, Ж.Сүлейменова - бас маман, А.Нұрсейітов - жетекші маман.

